



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультеті  
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of Journalism and Political Science  
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30  
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
9 сәуір 2021 ж.

---

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND  
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference  
on April 9, 2021

---

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И  
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной  
научно-практической конференции  
9 апреля 2021 г.

**Нұр-Сұлтан, 2021**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан  
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия  
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан  
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

**«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».**

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337-516-8**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337-516-8**

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

В настоящее время Республика Казахстан, получившая благодаря общественному согласию и политической стабильности, достигнутым успехам внутри страны и миролюбивой внешней политике всеобщее международное признание, превратилась в сильное и успешное государство – авторитетного инициативного игрока на мировой арене.

Список литературы:

1. <https://strategy2050.kz/ru/news/top-30-globalnykh-initsiativ-kazahstana-vklad-v-mezhdunarodnuyu-bezopasnost/> дата обращения 31.03.21г.
2. Алия Даурембекова. <http://astanazan.kz/?p=2094> дата обращения 31.03.21г.
3. КОНЦЕПЦИЯ внешней политики Республики Казахстан на 2020–2030 годы. [https://www.akorda.kz/ru/legal\\_acts/decrees/o-koncepcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazahstan-na-2020-2030-gody](https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/o-koncepcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazahstan-na-2020-2030-gody)
4. Лекции Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Н. А. Назарбаева в ведущих университетах мира. – Нур-Султан: Библиотека Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, 2020. – 246 с.
5. <https://strategy2050.kz/ru/news/top-30-globalnykh-initsiativ-kazahstana-vklad-v-mezhdunarodnuyu-bezopasnost/> дата обращения 01.04.21г.
6. Юлия Магер. Газета «Казахстанская правда», 22 Октября 2016 <https://www.kazpravda.kz/articles/view/manifest-mir-xxi-vek---eto-golos-otvetstvennoi-strani/> дата обращения 01.04.21г.

Сұлтан Дарын Танжарықұлы  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы  
[sultan\\_daryn@mail.ru](mailto:sultan_daryn@mail.ru)

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН  
БЕЙБІТШІЛІККЕ ШАҚЫРУ ЖӘНЕ БІТІМГЕРШІЛІК ФЕНОМЕНІ**

**Annotation:** Shortly after independence Kazakhstan has been supporting its policy based on peace-loving and pacifist principles. This kind of policy contributes to enhance the credibility of Kazakhstan at international stage and helps to develop different areas of the public life domestically. Besides this, Kazakhstan is ready not only to provide peace platform in its ground, but also to be real peacekeeper globally.

**Keywords:** war, peacekeeping, nuclear weapon, UN, Tajikistani Civil War, Kazakhstan peacekeeping forces

«Соғыс алаңында өліп бара жатқан жауынгердің көзіне өмірінде бір рет болса да қараған адам, соғыс бастар алдында жақсылап ойланады» деп әйгілі Германия мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі Отто фон Бисмарк айтқанындай қазіргі таңда соғыс деген құбылыстың адамзат үшін ортақ зұлымдылық екені баршаға әйгілі аксиомаға айналған[1]. Тек қана 1492 мен 1691 жылдың аралығында еуропалық отарлаушылар мен Солтүстік және Оңтүстік Американың автохтонды халықтарының арасындағы соғыс нәтижесінде 138 миллион адам қаза тапқанын ескерсек б.з.б 2,6 млн жыл бұрын басталған адамзат тарихында соғыстан әлем бойынша жалпы қанша адам қаза тапқанын болжаудың өзі қорқынышты[2]. Алайда жаңа заманға дейінгі кезеңдегі соғыстардың көбісі локалды конфликтілер болса ХХ ғасырда бүкіл әлемді дүр сілкіндірген екі дүниежүзілік соғыстар және олардың зардаптары адамзаттың соғыста жеңудің емес соғыстың алдын алу амалын ойлап табу керектігінің дәлелдеп көрсетті. Небәрі алты жылға созылған екінші дүниежүзілік соғыстан тек КСРО тарапы ғана 11 млн жауынгерінен, 16 млн бейбіт халқынан айырылып; 1710 елді мекені қирап; 40 мыңға жуық

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

ауруханасы мен 84 мыңдай мектебі жойылып; рубльдік эквивалентте 678 млрд қаражатқа шығындалған болатын. Ал әлем елдері болса кем дегенде 50-55 млн адамдарынан айырып, ұлттық кірістің 60-70 пайызын соғыс қажеттіліктеріне жұмсап, 62 ел қатысып (әлем халқының 80 пайызы), жалпы мөлшері сол кездің көрсеткішімен 4 трлн доллар шығынға батқан болатынын ескерсек соғыстың барша адамзаттың ортақ жауы және абсолютті зұлымдық екенін дәлелдейтін постулатқа екінші рет тап боламыз[3]. Алайда бұл соғыстардың қорқынышты тұсы адамзаттың материалдық шығынға батқаны емес-миллиондаған адамның қойдай қырылуы, жаппай қырып жоятын қарулардың, әсіресе, атом бомбасының қолданысқа енуі және менталды-психикалық тұрғыдан ешқашан жазылмайтын жара алған жаңа ұрпақтың пайда болуы еді. Осы орайда әлемнің алпауыт елдерінің бастамасымен 1945 жылдың 24-қазанында АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылып, өзінің ең басты міндеті деп әлемдегі бейбітшілікті сақтау және жанжалдарды болдырмау деп айқындаған болатын. Бұл оқиғаның өзі адамзат тарихы үшін феноменалды құбылыс болды[4]. Өйткені бейбітшілік және бейбітшілікке шақыру феномені адам баласы үшін таңсық құбылыс екені жасырын емес. Адамдар ежелден бері консенсусқа тек белгілі бір пайда үшін не болмаса амалсыздықтан баратыны бұрыннан қалыптасқан жағдай. Сол себепті алғашқы тарихи тұрғыдан фиксацияланған бейбітшілікке шақыру актісін біз тек жаңа заман тарихында ғана, яғни 1899 жылы орын алған сол кездегі Ресей империясының билеушісі Николай II тарапынан болған Гаага конференциясындағы қарусыздандыру ұсынысынан көре аламыз. Арада алты жыл өткен соң осыған ұқсас бастамамен орыс-жапон соғысын аяқтап, бейбітшілік орнатқан Потсдам келісімшарты барысында бейбітшілікке шақырумен айналысқан АҚШ президенті Теодор Рузвельт өзінің игі ниеті мен амалдары үшін Нобель жүлдесін де алған болатын. Алайда интеллект деңгейі жануарлар әлемінің басқа түрлерінен әлдеқайда басым, және б.з.б 35 мың жыл бұрын қалыптасып біткен «хомо сапиенстің» басына бейбітшілік идеясы неге кеш келді деген сұраққа әлі бірде-бір ғалым мардымды жауап берген емес[5].

Бір ғалымдар, атап айтқанда француз ағартушысы Жан Жак Руссо адамның бейбітшілікке қызығушылық танытпайтын жаратылыс екенін жануарлар әлеміне жат, және адамдар арасында кең таралған жеке меншік феноменімен түсіндірсе, енді бір ғалымдар бұл сұрақтың жауабын адамның физиологиялық ерекшеліктерінен іздеген болатын. Олардың аргументі адамдардың жануарлар әлемінің өзге өкілдері сияқты табиғи қарулардың (азу тіс, өткір тырнақ, у) болмауы себебінен өзіне ұқсас биологиялық түрді өлтіруде ішкі тежегіштің болмауынан түсіндірді. Ал ағылшын философ-материалисті Томас Гоббс адамды мүлде жаратылысынан өте агрессивті тіршілік иесі санап, әрі қарай бұл сұрақты толықтай аргументтеуді қажет деп таппаған болатын[6]. Осы орайда бейбітшілікке басқа әлем елдерін шақырып, өзінің негізгі міндеті деп әлемдегі тыныштықтың сақталуын көздейтін, дамушы елдердегі адам құқықтарын қорғап, демократиялық институттардың дамуын қолдайтын және қалыпты күн көруге жағдайы жоқ адамдар көп шоғырланған жерлердің тұрғындарына гуманитарлық көмек көрсетумен айналысатын БҰҰ құрылуы және оның бейбітшілік орнату идеясын әлемге таратуы адамзат тарихындағы жаңа кезеңнің басталуына түрткі болып отыр деп пайымдаймыз[7].

Қазақстан Республикасы бейбітшілікті ұстанған мемлекет. Егеменді ел болғаннан кейін Қазақстан нақты әлемде бейбітшілік орнатуға бағытталған іс-әрекеттерін 1991 жылдан бастады. Сол жылдың, яғни 1991 жылдың 29-тамызында Н. Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағын ядролық қарумен байланыстырғысы келмейтінін дәлелдеп, ресми түрде Семей ядролық полигонын жапты. Артынша КСРО құлап, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіз елге айналған тұста еліміз өзінің күтпеген жерден ядролық елдер клубы қатарына енгенін түсінді. Қазақстанның бүкіл аумағында 100-ге жуық ядролық оқтұмсықты ракеталар патрулдеу қызметімен айналысып, елдің аэродромдарында 40-қа жуық стратегиялық маңызды қанатты бомбалаушы ракеталар орналастырылып тұрған еді. Оған қоса елдің ядролық арсеналы да басқа елдермен саяси келіссөздер жүргізуде салмақты аргументке айналуы мүмкін басымдылық беретін деңгейде болды. Қазақстан Республикасы 1991 жылы ядролық қаруы бар оқтұмсықтар саны жағынан БҰҰ тұрақты қауіпсіздік кеңесінің 2 елін

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты ХІ-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

басып озып 4-ші орынға жайғасқан еді. Әрине мұндай факт ешбір елді бейжай қалдыра алмады. Елдің ішіндегі осы сұраққа қатысты туындаған когнитивті диссонансты ескермегеннің өзінде, әлем елдері осы сұрақты қызу түрде талқылай бастады. Алғашқылардың бірі болып АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джеймс Аддисон Бейкер, Ұлыбритания сыртқы істер министрі Дуглас Херд және Франция сыртқы істер министрі Ролан Дюма Қазақстан тарапына ядролық қарудың елге әкелуі мүмкін экономикалық, саяси зардаптарын және ядролық қарудың жарамды күйде ұстауға қажетті күрделі инфрақұрылымның қажеттігін алға тартып, қарудан бас тарту жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Алайда әлемнің басқа елдері жанталасып, осы қаруды барынша жасауға ұмтылып жатқан тұста Қазақстанның мұндай қарудан бас тартуы үшін елге тиуі мүмкін негативті салдар дәйекті аргумент емес еді. Бірақ еліміздің ақыры аяғында осы қорқынышты қарудан бас тартуына не себеп болды? Ол-елдің шын жүректен бейбіт әрі жарқын болашаққа нық қадам басқысы келуінен туындаған объективті қажеттілік болатын[8]. Егер біз фактілерді констатациялаумен айналысатын болсақ Қазақстан бұл қарудан бас тартқан алғаш ел емес екендігіне көзіміз жетеді. Бұған дейін ОАР, Аргентина және Бразилия елдері және Қазақстанмен бірге ядролық қарудан бас тартатынын 1992 жылдың 22 мамырда Лиссабонда ратификациялаған Беларусь және Украина елдері де бар[9]. Алайда жоғарыда аты аталған елдердің ешқайсысы Қазақстанмен салыстырғанда ядролық қаруды дайындап, оны жарамды етіп ұстап тұру цикліне толық қол жеткізбеген немесе ядролық оқтұмсықтары өте аз елдер болса, бұл қорқынышты қаруды жарамды етіп ұстап тұруға инфраструктуралық жағынан да шамалы, табиғи ресурстары да жеткілікті Қазақстан ядролық қарудың осындай көп мөлшерінен бас тартқан алғаш ел болатын. Оған қоса 1992 жылы Қазақстанның сыртқы істер министрлігіне дипломатиялық каналдар арқылы сол кездегі Ливия революциясының көсемі, әйгілі панисламистік көзқарасты ұстанушылардың бірі Муаммар Каддафиден ядролық қарудан бас тартпау жөнінде ұсыныс түскен болатын. Ол Қазақстан ядролық қаруы бар алғашқы мұсылман елі екенін алға тартып, бұл қаруға кететін көпмиллиардты шығындарды өзі өтейтінін айтып, барынша Қазақстан тарапын көндіруге тырысқан болатын. Бұл жайлы кейін Қасым-Жомарт Тоқаев мырза айтқандай, егер біздің мемлекет басында сол кезде жауапсыз әрі көреген емес басшы болғанда ол мұндай ұсыныстан бас тартпаушы еді. Алайда сол кездегі президент Н. Ә. Назарбаев өзінің көрегендігінің әрі бейбітсүйгіштігінің арқасында Қазақстанды әлемге жас, бейбіт, әрі космополиттік ел ретінде танытты[8].

Тәуелсіз Қазақстан бітімгершілігінің тарихы 1992 жылы басталды. Ол кезде ҚР территориясынан Өзбекстан және Қырғызстан елдері ғана бөліп тұрған көршілес Тәжікстан елінде азаматтық соғыс өршіп, аймақтағы сол кезде әлі толыққанды бұғанасы бекімеген бейбітшілікке объективті қауіп төндірілді. Енді ғана тәуелсіздік алған бұл посткеңестік елде қайта құру кезінде басталған радикализмнің элементтері бар ұлттық сана сезімнің оянуы және билікке таласқан кланаралық қақтығыстардың өршуі Тәжікстанның Орта Азиядағы жаңа қақтығыс эпицентріне айналу қауіпін тудырды[10]. Оған қоса Тәжікстан Орта Азия елдерінің ішінде ең тағдыры ауыр елдердің бірі болатын. Кеңес үкіметі кезінің өзінде бұл ел өмір сүру деңгейі одақтас елдер ішіндегі ең төмен, туу деңгейі басым, инфраструктурасы нашар дамыған және архаикалық институттар басым дамыған ел болды. Қайта құру кезінде исламдық көзқарастарға сүйенген алғашқы діни партия да дәл осы Тәжікстанда пайда болған болатын. Кеңес үкіметінің құлауы, елдің ішіндегі саяси элитаның алмасуы және ішкі дағдарыстарды бастан кешіп жатқан Ауғаныстанның көршілігі елдегі жағдайдың 90 жылдары аса ауыр болуына алып келді. Сол себепті аймақтағы бейбітшіліктің сақталуы тек сыртқы күштердің араласуымен ғана шешілуі мүмкін еді[11]. Осы орайда ТМД елдерінің келісімімен аймақтағы жанжалдық жағдайды залалсыздандыру мақсатында Ресей Федерациясы, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері Тәжікстан еліне бейбітшілік орнату күштерін жіберуді шешкен болатын. Алғашында, яғни 1992 жылдың 10-қыркүйегінде Тәжікстанға ТМД бейбітшілік орнату күштерінің құрамында Қазақстаннан Қапшағай қаласында дислокацияланған 35-ші десантты-шабуылдаушылар бөлімшесінен 300 адамнан тұратын батальон техникасыз аттандырған болатын. Кейін 1993 жылдың көктемінен бастап штаттық

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

авто және сауытты көліксіз ҚМ, ПМ ІӨ, ҰҚК шекара әскерінің негізінде 3 атқыштар роталарынан батальон құрылды. Әскери әдіс бағыты ұстанымындағы, 3 ай сайын ауысып отыратын бейбітшілік орнатушы жасақтары Тәжікстанға бітімгершілік әскери контингенті ретінде жіберіліп отырылды. Тәжікстандағы қазақстандық әскерилердің негізгі мақсаты, ол-Тәжікстан және Ауғанстан елдерінің шекарасындағы Калаи-Хумб аумағындағы РФ шекара жасақтарының блокпостарын күшейту болған. Тәжікстанда бейбітшілік орнату миссиясы барысында ҚР қарулы күштері қақтығыс барысында қаза тапқан және із-түссіз жоғалған адамдарды қосқанда 54 жауынгерінен айырылған болатын. Бейбітшілікті орнатуға бағытталған миссия формалды түрде 2000-шы жылы аяқталғанымен бейбітшілікті орнату күштері, Тәжікстан территориясынан тек 2001 жылы шығарылды. Бұл миссия біздің еліміздің бейбітшілік орнатуға бағытталған іс-әрекеттеріне үлкен септігін тигізді. Біріншіден, енді ғана тәуелсіздік алған еліміз қазақстандық әскерлерді Тәжікстанда бейбітшілік орнату миссиясына жіберу арқылы өзінің тұңғыш тәжірибесінен өтті деуге болады. Екіншіден, елімізде арнайы бітімгершілік миссияларын орындау бағытындағы топтың қажеттігі анықталды. Соның арқасында елбасының бұйырығымен 3 десанттық-шабуылдаушы батальон негізінде арнайы бейбітшілік миссияларға Қазақстан атынан қатысатын «Қазбат» батальонын құрылды[10].

Тәжікстаннан кейін Қазақстандық бейбітшілік орнату күштері 2003 пен 2008 жылдар аралығында АҚШ және НАТО-ның эгидасымен «Иракқа бостандық» бітімгершілік операциясына қатысқан болатын. Бұл миссия барысында қазақстандық әскерилер «Орталық-Оңтүстік» атты Польша мемлекетінің қарамағындағы дивизия құрамында Ирак территориясында іс-шаралар жүргізді. Қазақстанның жауынгерлері бітімгершілік миссия барысында саперлікпен айналысып, көптеген миналанған алаңдарды және жарылмай қалған жарылғыш заттарды залаласыздандырумен айналысқан болатын. Бес жыл ішінде отандастарымыз Ирак территориясында 4,5 млн жарылғыш заттарды залаласыздандырды[12].

Осы бітімгершілік миссиядан кейін Қазақстан Республикасы БҰҰ-мен келісімге сүйене отырып, бітімгершілікке қатысудың өзге формаларын қарастырып екі заң шығарды. Олар:

2013 жылдың 20-желтоқсанындағы № 15 — V ҚРП Қазақстан Республикасының парламентінің Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтің «Қазақстанның қарулы күштерінің сардарларын Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік миссияларына бақылаушылар ретінде жіберу жайлы ұсынысына» қатысты ұйғарымы;

2018 жылдың 15 маусымындағы № 25-VI ҚРП Қазақстан Республикасының Парламентінің Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан қарулы күштерін Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік миссияларын орындауға жіберу жайлы ұсынысына» қатысты ұйғарымы[10].

Қазақстанның бітімгершілік саясаты елдің сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі болғандықтан ҚР 2014-2020 жж. арналған сыртқы саясатының концепциясында да дәл осы бітімгершілік сөз етілген болатын. Бітімгершілікке қатысты концепцияның мақсаттарының 4 тармағы арналған болатын:

- 1) елдің ұлттық қауіпсіздігін, қорғанысқа қабілеттілігін, егемендігін және аумақтық тұтастығын жан-жақты қамтамасыз ету;
- 2) бейбітшілікті, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
- 3) орнықты ұстанымдарды қамтамасыз ету және әлемдік қоғамдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру;
- 4) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) орталық және үйлестіруші рөлі арқылы әділ әрі демократиялық әлемдік тәртіпті орнату[13];

Одан бөлек «Қазақстан 2050» бағдарламасы аясында да елбасымыз бітімгершілікке ерекше көңіл бөлген болатын. Оны бағдарламаның мына тұсынан көре аламыз:

«Біз әрі қарай да аймақтық қауіпсіздік үшін өз жауапкершілігімізді сезінуге және Орталық Азияны тұрақтандыруға өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

Біздің міндетіміз – аймақтағы тартысты жағдайдың алғышарттарын жоюға барынша көмектесу.

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

Орталық Азияны тұрақтандырудың озық тәсілі – аймақшілік бірігу. Нақ осы жолмен біз біздің аймақтың тартыстық әлеуетін төмендетіп, толғақты әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешіп, су-энергетикалық және басқа да қайшылықтардың түйіндерін жаза аламыз» [14].

Қазіргі таңда қазақстандық бейбітшілік орнату және бітімгершілік күштері бақылаушы-сардарлар ретінде Кот-д'Ивуар және Батыс Сахара елдерінде дислокацияланған. Одан бөлек бейбітшілік орнату күштері ротасы дәл қазір Ливан елінде Үнді-Қазақстан батальоны құрамында 120 адам мөлшерінде бейбітшілік миссиясын орындауда. Ливандағы қазақстандық жауынгерлер патрульдік бақылау, барлау бекеттерін орнату, азаматтарға көмек көрсетуді ұйымдастыру және штаб жүктейтін барлық миссияларға қатысу функцияларын орындауда [10].

Қорытындылай келе Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш және бітімгершілік саясаты Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттары екенін айта кеткіміз келеді. Жарқын болашаққа ұмтылған жас елдің дамуда осындай бейбіт жолды таңдауы елдің саяси аренадағы абыройы және байқуаттылығына болашақта тек жақсы әсер ететініне кәміл сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Верхорунова В. Самые яркие высказывания о войне [Электронды ресурс]. 2013. URL: <https://www.vologda.kp.ru/daily/26174/3063493/> (Жүгіну уақыты: 05.03.2021)
2. Райков А. 25 самых кровопролитных войн в истории человечества [Электронды ресурс]. 2018. URL: <https://zen.yandex.ru/media/id/5ba261de5516df00a9d50080/25-samyh-krovoprolitnyh-vojn-v-istorii-chelovechestva-5ba272289202e100a9d71052> (Жүгіну уақыты: 05.03.2021)
3. Сайт «Знания-ком». Последствия второй мировой войны [Электронды ресурс]. 2016. URL: <https://znaniya.com/task/21056071> (Жүгіну уақыты: 05.03.2021)
4. Официальный сайт Организации Объединенных Наций [Электронды ресурс]. URL: <https://www.un.org/ru/about-un/> (Жүгіну уақыты: 06.03.2021)
5. Сайт «Поиск Лекции». Миротворческая деятельность: история и современность [Электронды ресурс]. 2015-2021. URL: <https://poisk-ru.ru/s70438t1.html> (Жүгіну уақыты: 06.03.2021)
6. Сайт «naked-science». Ученые объяснили, почему люди убивают друг друга [Электронды ресурс]. 2016. URL: <https://naked-science.ru/article/sci/uchenye-obyasnili-pochemu-lyudi> (Жүгіну уақыты: 06.03.2021)
7. Официальный сайт Организации Объединенных Наций. Страницы истории ООН [Электронды ресурс]. URL: <https://www.un.org/ru/sections/history/history-united-nations/> (Жүгіну уақыты: 06.03.2021)
8. Аяган Б., Ауанасова А., Сулейменов А. Новейшая история Казахстана (1991-2014). - Алматы: Атамура, 2014. – 368 с.
9. Сайт «Яндекс Дзен». Cyber history. Кто и зачем отказался от ядерного оружия [Электронды ресурс]. 2018. URL: <https://zen.yandex.ru/media/id/5ba10d436ce1e500a9725b64/kto-i-zachem-otkazalsia-ot-iadernogo-oruziia-5ba4f9755cddf000abd91bf1> (Жүгіну уақыты: 06.03.2021)
10. Шибутов М. Миротворцы как часть внешней политики Казахстана [Электронды ресурс]. 2020. URL: <https://iarex.ru/articles/76089.html> (Жүгіну уақыты: 09.03.2021)
11. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Том V: Центральная Азия в XXI столетии – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 440 с.
12. Сулейменов А. Казбат: Ради мира в Ираке [Электронды ресурс]. URL: [https://e-history.kz/ru/news/show/4473/?sphrase\\_id=44620](https://e-history.kz/ru/news/show/4473/?sphrase_id=44620) (Жүгіну уақыты: 09.03.2021)
13. Сайт «adilet.zan.kz». Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы [Электронды ресурс]. 2014. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000741> (Жүгіну уақыты: 09.03.2021)

14. Сайт «adilet.zan.kz». «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [Электронды ресурс]. 2012. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (Жүгіну уақыты: 09.03.2021)

Тулбаева Меруерт Кенжебайқызы  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті,  
Саясаттану кафедрасының доценті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## ПРЕСПИЧРАЙТИНГ: ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ АЛГОРИТМІ

**Аңдатпа.** Мақалада саяси спичрайтингте материалдарды алдын ала дайындаудың негізгі форматтары талданады. Сөйлейтін сөздің мәтінімен жұмыс жасаудың жалпы алгоритмдері, саяси сөздердің түрлеріне, типтеріне және жанрларына шолу жасау, сондай-ақ саяси сөз эффективтілігінің көрсеткіштері қарастырылады.

**Аннотация.** В статье анализируются основные форматы предварительной подготовки материалов в политическом спичрайтинге. Рассматриваются общие алгоритмы работы с текстом речи, обзор видов, типов и жанров политических выступлений, а также показатели эффективности политической речи.

**Abstract.** The article analyzes the main formats of preliminary preparation of materials in political speechwriting. General algorithms for working with the text of speech, an overview of the types, types and genres of political speeches, as well as indicators of the effectiveness of political speech are considered.

**Кілт сөздер:** саяси спичрайтинг, саяси сөз, оратор, саясат, аудитория

**Ключевые слова:** политический спичрайтинг, политическое слово, оратор, политика, аудитория

**Keywords:** political speechwriting, political speech, speaker, politics, audience

*10-минуттық сөзді дайындау үшін маған бір апта керек;  
15-минуттық сөзді дайындау үшін үш күн; жарты сағаттық  
сөзді дайындау үшін - екі күн; ал бір сағаттық сөзді қазір  
десеңіз де айтып бере аламын*

**Томас Вудро Вильсон**

Саясаткердің саяси сөзі - саяси PR-дың эффективті құралы. Халық алдында айтылатын сөзді, оны айтатын спикерді – сөз сөйлейтін саясаткерді міндетті түрде дайындау қажет. Бұл міндеттердің бәрін саяси спичрайтинг жүзеге асырады.

**Саяси сөз** – белгілі бір (нақты белгіленген) мақсатпен, нақты аудитория алдында айтылу үшін жазылған мәтін.

Саяси сөздің өз мақсаты бар, және ол монолог түрінде де (мәселен, президенттің жаңа жылдық құттықтауы), диалог түрінде де, мәселен, президенттікке үміткердің ашық пікір-таластары, болады (1 - сурет).